

МКҚК «Балауса» бөбекжай балабақшасы

әңгіме

«МЕНИҢ СҮЙІКТІ ҚАЗАҚСТАНЫМ»



Өткізген: Егибаева Г.С.

АҚПАН 2021г.

Мақсаты:

Отанын, туған жерін қорғай білуге, халқымыздың талантты ақындарының өлеңдері мен ата – бабаларымыздың өнеге етіп қалдырған даналық сөздері арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа, атамекенін көздің қарашығындай сақтай білуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу

Барысы:

Қызықты ұйқастар» шешу арқылы сөзжұмбақты шешейік.

«Қызықты ұйқастар»

1. Өрмекші құрды тұзақ

Менің ұлтым... /қазақ/

2. Ашытылған қамыр

Мерекелі... /мамыр/

3. Құт - береке жауғыз,

Келе жатқан.../наурыз/

4. Суда жүзер сазан

Айдың бірі... /қазан/

5. Аман болсын қарттар

Суықты болар.../қаңтар/

6. Биіктеуде жас қала,

Бас қаламыз... /Астана/

7. Менің досым салмақты

Бұрынғы астанамыз.../Алматы/

8. Партаның бетін жырма

Күзде басталады.../қырман/

9. Тынықтырар түн

Қуаныш сыйлар.../күн/

- Ұйқастарды шешу барысында қандай сөзді шығарып алдық?

-«Қазақстан»

-Отан деген сөзді қалай түсінесіңдер?

Біздің республикамыз Қазақстан деп аталады. Біздің еліміз – тәуелсіз мемлекет. Яғни, біздің еліміз тәуелсіз болғандықтан; өз мемлекеттік гимні, елтаңбасы және өзінің мемлекеттік туы бар. Біздің ұлттық тіліміз –қазақ тілі. Республикамыздың президенті –

К.Ж.Токаев.



- Балалар, мынау біздің еліміз- **Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы** – көгілдір түсті тік бұрышты кездеме. Тудың ортасында күннің 32 шұғыласы, оның астында қалықтаған қыран бейнеленген. Сабына бекітілген тұста ұлттық оюлармен кестеленген тік жолақ өрнектелген. Күн, арай, қыран және ою-өрнек – алтын түсті.

Балалармен сұрақ –жауап арқылы түсінгендерін пысықтайды.

- Балалар, тудан ненің бейнесін көріп тұрсыңдар?

- Күн, құс пен оюдың бейнесін көріп тұрмыз.

- Иә, өте жақсы, дұрыс айтасыңдар.

- Ал, енді, балалар, мемлекеттік туымыздың түсі қандай екен?

- Мемлекеттік туымыздың түсі: көк, көгілдір .

- Неге ұқсайды?

- Аспанға ұқсайды.

- Біздің мемлекеттік туымыз аспан түстес көк екен.

Балалардың жаттаған **«Қазақстан жалауы»** деген өлең жолдары тыңдалады.

Аспан түстес көгілдір,

Тік бұрышты матаның.

Ортасында төгіп нұр,

Күн жаяды шапағын.
 Астында оның қалықтаған,
 Қыран құстың бейнесі.
 Азат елдің шалқыған,
 Көңілі де білерсің.
 Есте белгі ұрандар,
 Сары алтындай сақталған.
 Күн шұғыла қыранда,
 Алтын түске қапталған.
 Сол жағында матаның,
 Сары түсті жолақ бар.
 Мұратындай атамның,
 Әсем өрнек ол ұлттық!




- Мынау біздің **Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы**. Рәміздік тұрғыдан ҚР мемлекеттік Елтаңбасының негізі – шаңырақ. Ол – Елтаңбаның жүрегі. Шаңырақ – мемлекеттің түп негізі – отбасының негізі. Шаңырақ – Күн шеңбері. Айналған күн шеңберінің қозғалыстағы суреті іспетті. Шаңырақ – киіз үйдің күмбезі, көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың, отбасының бейнесі. Тұлпар – дала дүлділі, ер-азаматтың сәйгүлігі, желдей ескен жүйрік аты, жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, мұқалмас қажырдың, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Қанатты тұлпар – қазақ поэзиясында кең тараған бейне. Ол ұшқыр арманның, самғаған таңғажайып жасампаздық қиялдың, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың кейпі. Қанатты Тұлпар Уақыт пен Кеңістікті біріктіреді. Ол өлмес өмірдің бейнесі. Бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бет-бейнесін паш етеді. Бес бұрышты жұлдыз Елтаңбаның тәжі іспетті. Әрбір адамның жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар. Қазақстан Республикасы мемлекеттік Елтаңбасының авторлары – Ж. Мәлібеков пен Ш. Уәлиханов.

Балалармен әңгіме жүргізіліп, «**Біздің елтаңба**» деген такпақ айтылады.

Алтын қанат көмкерген,
 Шаңырақ бар. уық бар.
 Әсем бейне сен көрген,
 Жай белгі емес ұғып ал!
 Көгілдір түс аясы,
 Бейбіт дала елесі.
 Шаңырақ – жұрт панасы,
 Уықтар -күннің сәулесі.
 Сүйсіндірер өзінді,
 Түсіне біл таңбаны.
 Аңызда ұшқыр төзімді
 Пырақ халық арманы.
 Жоғарыға түсер көз,
 Бес бармақты жұлдызға,
 «Қазақстан» деген сөз,
 Таныс барлық ұл-қызға.
 Мағыналы , сымбатты,
 Бар осындай белгіміз.
 Маған, саған қымбатты
 Елтаңбасы ол-еліміз!

Қорытынды:-Балалар біздің ел басшымыздың сендерге жіберген хабарламаға назар аударайық:



- Міне балалар, Ел алдындағы, болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілікті ұмытпайық. Ерінбей, жалықпай білім алыңыздар, ел болашағы сіздердің қолдарыңызда.